

СӨЖ

Орындаған: Ергешбай Ескендір



Пьер Ферма

Пьер Ферма (20.08.1601, Бомен-де Ломань - 12.01.1665, Кастр) - француз математик, физик. Мамандығы бойынша зангер.

Сандар теориясының негізін қалаушылардың бірі. Осы теорияның бір теоремасы Ферманың есімінен аталады (қ. Ферма теоремасы). Ферма геометриядағы координаттар тәсілін Р. Декарттан бұрынырақ жүйелі түрде дамытқан. Ғалым шексіз аз шамаларды есептеуде дифференциялаудың жалпы заңын ашты. Ол максимум мен минимумды (экстремумдарды) табатын есептермен, қисықтарға жанама жүргізу тәсілімен, дененің ауырлық центрін анықтаумен, қисық (шеңбер) доғасының ұзындыған есептеумен, ықтималдық теориясының есептерін шешумен, т.б. шұғылданды. Ферма физикада Ферма принципі деп аталатын геом. оптиканың негізгі принципін тұжырымдады. Бұл принцип Мопертюи- Эйлердің ең аз әсер принципіне негіз болды.



Ферманың Ұлы теоремасы Ферманың Ұлы теоремасы (немесе Ферманың соңғы теоремасы) — математикадағы ең әйгілі деуге болытын теоремасы; оның шарты орта мектеп білімі деңгейінде тұжырымдалғанымен, дәлелдеу үшін көптеген мықты математиктер ұзақ уақыт бастарын қатырды. Теорема былай дейді: Кез келген бүтін $n > 2$ үшін теңдеуінің натурал a , b және c шешуі болмайды.




Леонард
Эйлер



Петер Густав
Лежён Дирихле

Пьер Ферманың 1637 тұжырымдаған осы теоремасы Диофанттың «Арифметика» атты кітабы беттерінде "мен тапқан алғырлық дәлелдеме осы бетке сыйдыруға өте ұзақ болады" деген сөздермен басылып шығады. Кейін Ферма $n = 4$ үшін шешуін жариялайды, алдыңғы алғырлық дәлелдеуі туралы осы жолы ол тіс жармағандықтан жалпы түрде дәлелдегені күмәнді. Эйлер 1770 жылы теореманы $n = 3$ үшін, ал Дирихле мен Лежандр 1825 жылы $n = 5$ үшін дәлелдейді. Өз үлестерін дәлелдеуге Ламе, Софи Жермен, Куммер және т. б. көптеген алдыңғы қатарлы математиктер қосты. Теореманы дәлелдеуге деген талпыныс қазіргі сандар теориясының көптеген нәтижелерін табуға алып келді. Фальтингстың 1983 жылы дәлелдеген Морделла гипотезасынан теңдеуінің $n > 3$ болғанда тек шектеулі өзара жай шешуі болатындығы шығады.



Дәлелдеудің соңғы қадамын тек 1994 жылдың қыркүйегінде Уайлс Эндрю жасады. 130-беттік дәлелдеу «Annals of Mathematics» журналында жарыққа шығады.